

Фосфор өнеркәсібінің кейбір мәселелері

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 2 қыркүйек N 1298

"Банкроттық туралы" Қазақстан Республикасының Z970067_ Заңына сәйкес "Фосфор" акционерлік қоғамы (Шымкент қ.) банкрот болып танылғанына байланысты, "Фосфор" акционерлік қоғамы (Шымкент қ.) мен "Жаңа Жамбыл зауыты" өндірістік кооперативінің (Тараз қ.) стратегиялық маңызын, сондай-ақ фосфор өнеркәсібі кәсіпорындарындағы қалыптасып отырған ауыр қаржы жағдайын ескере отырып Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Фосфор" (Шымкент қаласы) акционерлік қоғамының сатып алушыларына:

1) алдымен, мүліктік кешенді бірыңғай лотпен сатуды; сатып алушылар болмаған жағдайда - Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігімен және Оңтүстік Қазақстан облысының әкімімен келісім бойынша сату үшін бірнеше лотты қалыптастыруды;

2) конкурстық массаны сатудан түскен қаражат жеткіліксіз болған жағдайда - сатып алушылардың Оңтүстік Қазақстан облысының әкімімен келісілген шарттарда және мерзімде бірінші және үшінші кезектегі кредиторлардың талаптарын кейін қанағаттандыруды;

3) үшінші және келесі сауда-саттықтарда голландтық тәсілмен өткізу және жалғыз қатысушы болған жағдайда оларды өтті деп тануды көздейтін айрықша шарттары, конкурстық массаны сатудың тәртібі және қосымша талаптар белгіленсін.

ЕСКЕРТУ. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2000.07.28. N 1159 қаулысымен. P 0 0 1 1 5 9 _

2. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі заңдарда белгіленген тәртіппен салық және бюджетке төленетін басқа да төлемдер жөнінде берешегі бар "Жаңа Жамбыл зауыты" өндірістік кооперативінің (Тараз қ.) банкрот болуы рәсіміне бастамашылық жөнінде шаралар қабылдасын.

3. "Жаңа Жамбыл зауыты" өндірістік кооперативінің (Тараз қ.)

конкурстық массасын сату осы қаулының 1-тармағында "Фосфор" акционерлік қоғамы (Шымкент қ.) үшін белгіленген шарттар мен тәртіпте жүзеге асырылсын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары А.С.Павловқа жүктелсін.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Премьер-Министрі

Оқығандар:

Қобдалиева Н.

Омарбекова А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК